

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай- балабақшасы.

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.

Хаттама №1

04.09.2024ж

Қатысушылар саны: 12 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма,
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- электрондық портфолио жинақтау;

Фейзбук ,инстаграмм,парақшаларымен жұмыс жасау.

- 2. Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру.

3. Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау.

4. Ата-аналармен жұмыс түрлерімен таныстыру.

5. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру.

6. ҰБДҚ тізімді жинақтау

7. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспарымен таныстыру.

8. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Альжанова Ақмарал Хасеновна 2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспарына сәйкес, №1 әдістемелік кеңес отырысын ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары бойынша тәрбиешілердің және мамандардың перспективалық жоспар мен циклограмма толтыру үлгілерін Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын

бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес түзу керектігін ескертіп, үлгісімен таныстырды. Өзіндік білім көтеру бойынша озат тәжірибе тарату балабақша ішінде әдіскер Альжанова Ақмарал, педагог-психолог Айдаршаева Камшат және екі тәрбиеші Рысметова Умида, Найзабекова Гүлзат жыл бойында тәжірибе жинақтап тарататындығын ескертті. Электронды портфолио бойынша тәрбиешілер 2024 жылдан бастап бірыңғай портал ашылып барлық деректер электронды сайтта тіркеліп тұрады, әр педагогке жеке кабинет беріледі, және де қолданысқа енгізілген кезде барлық педагогтерге таныстырылып түсіндірме жұмыстары жүргізілетіндігі айтылды. Педагог қызметкерлерге әдістемелік кеңес жоспары таныстырылды. Барлық топ тәрбиешілерінен ауыр бейімделіп жатқан балалар бар ма? деп сұрақ қойды. Тәрбиешілер ауыр емес бірақ 1 айдан асық енді үйреніп жатқан балалардың бар екендігін айтты. Бірінші екінші үшінші күндері балабақшаға түскі сағат 12.00 дейін қалдыруға, жақсы көретін ойыншықтарын беріп, және күн тәртібін тамақ уақытын балабақшамен реттегені жөн. Ата-аналармен тығыз байланысып реттеген жөн. Ата-аналармен жиналыстар, дөңгелек үстел, педагогикалық кеңестерге, ойын сауық спорттық іс-шараларға, ертеңгіліктерге шақырған жөн. Педагог-психолог, меңгеруші, әдіскер және медбикемен әрқашан туындап жатқан проблемаларды ашық айтып шешімін табу қажет.

Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру бойынша балабақша әдіскері Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен таныстырып өтті. Алматы кітап, Шұғыла баспасы, Арман ПВсекілді баспалардан шыққан Т. Сарыбаева, Г. Абдрахманова, Ж. Муликова, Г. Жаканова, А. Омарғалиева, Г. Жарылгасова, Г. Бияхметова, Г. Ділмағамбетова, М. Сүлейменова, А. Наурызбаева, Б. Кенжембетова, Р. Байгүлбек ова, А. Шәкірова авторлардың әдістемелік құралдарымен таныстырып өтті. Жыл бойы ай сайын фейзбук, нстаграм парақшаларына үздік қызметкерді жариялау керектігін түсіндіріп өтті. Педагогтарға 2024-2025 оқу жылына түзілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарымен таныстырды.

Сұрақ : вариатив бар ма биылғы жылы?

Жауап: әр топта бір вариатив аласыздар.

Сұрақ: Ақылы конкуртарға қатыссақ немесе балалар қатысса жарамды ма?

Жауап: 514бұйрыққа сәйкес қатыссаңыздар жарамды.

Шешімі:

1. Вариативті компонент жоспарын түзу.
2. Озат тәжірибе жоспарын түзу.
3. Байқауларға № 514бұйрыққа сәйкес қатысу.
4. Балалардың әлеуметтік жағдайын зерделеу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Альжанова

Хатшы:



У.Рысметова

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.

Хаттама №2

18.11.2024ж

Қатысушылар саны: 12 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1.Тәрбиешілермен педагогтарға номенклатураға сәйкес құжаттарын таныстыру.
- 2.Байқауларға қатысу.
- 3.Балалардың жеке құжаттарын зерделеу
- 4.Балалардың балабақшаға келуінің пайыздық көрсеткіштері.
- 5.Біліктілік арттыру курсына баратын тәрбиешілердің және пән мұғалімдерінің тізімі.
6. Байқау ережесімен таныстыру.
7. Циклограмманың дұрыс түзілуін бақылау.
8. Бақ беттеріне балабақшадағы атқарылған жұмыстарды жариялау.
9. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспарының орындалуы.
- 10.Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Акмарал Хасеновна қатысушыларды тіркеді. Номенклатура сәйкес құжаттарды толтыру бойынша түсіндірме жұмыстарын айтып өтті. Табель толтыру, баланың денсаулық дәптері, ата-аналар туралы мәлімет, ай сайынғы бала тізімі, ата-аналар жиналысының хаттамасы, баланың жеке құжаттарын ай сайын қажеттілігіне қарай толтырып отыру ұсынылды. Әлеуметтік жағдай бойынша ҰБДҚ – порталында кедейліктен төмен көрсетілген 10 отбасы бар, тегін ыстық тамақ беруге Кентау қалалық білім бөліміне сұраныс хат пен құжаттары жіберілгендігін атап өтті. ҰБДҚ-порталындағы бала тізімімен әр топтың 25 бала тізімі салыстырып сәйкестендіріліп бақылап отырғандығын атап өтті. Балалардың балабақшаға қатысуы қыркүйек айында-87пайыз, қазан айында-92 пайыз, қараша айында -95пайызды көрсетіп отыр. Барлық бала саны 125, әр топта 25 баладан жасақталған. Біліктілікті арттыру курсына 2024-2025 оқу жылында баратын тәрбиешілер Найзабекова Г Дүйсебаева Р екендігі

анықталды. 2024ж біліктілікті арттыру курсынан Альжанова А,Дүйсебаева Р,Рысметова У,Жайлаубаева Ш,Найзабекова Г,Айдаршаева К өткен. Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелеріне ертеңгіліктер, сурет көрмесі, ашық іс-әрекеттер өткізу туралы тапсырмалар берілді. Циклограмманы күн тәртібіне сәйкес 9сағатқа шақтап жазылу керектігін тағы қайтара ескертті.Бақ беттеріне ай сайын іс-әрекеттер, спорттық сайыстар, ертеңгіліктерді , озат тәжірибелерді жариялауды ұсынды. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспары ата-аналарға және қызметкерлерге жиналыс барысында түсіндіріліп, брошура таратылғандығын айтып өтті.

Сұрақ: Тегін ыстық тамаққа бала санын қосуға боладыма?

Жауап: Тегін ыстық тамақ 2025ж қаңтар айында жаңа тізім түзіледі, егер ҰБДҚ порталында бала саны көбейсе қайта сұраныс жіберіледі.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Альжанова

Хатшы:



У.Рысметова

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.

Хаттама №3

13.01.2025ж

Қатысушылар саны: 11 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1) Біліктілік санатын алған тәрбиешілерді анықтау.
- 2) Біртұтас тәрбие бағдарламасының дұрыс орындалуын бақылау.
- 3) ҰБДҚ бойынша бала тізімін бекіту.
- 4) Кіші және ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі.
- 5) Дамытушы ортаның жасақталуын бақылау.
- 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары.
- 7) Ертеңгіліктерге талдау жүргізу.
- 8) Көрнекіліктер көрмесі.
- 9) 5 жастағы балалардың танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту.
Баяндама.
- 10) Ағымдағы мәселелер.

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай- балабақшасының жылдық жоспарға сәйкес №3 Әдістемелік кеңес отырысын әдіскер Акмарал Хасеновна сөз сөйлеп бастады, күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша біліктілік санатын алған тәрбиеші жоқ екендігін атап өтті, себебі 2024ж күз айында біліктілік санаты болмағандығын 2025ж маусым айларына ауыстырылғанын атап өтті. Қыс мезгіліндегі сауықтыру шараларын тәрбиешілерге түсіндіріп, түзіп берді. ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстыру барысында, ҰБДҚ 125 бала саны, ал balabaqsha.snation.kz сайтының 26 қыркүйек пен 30 желтоқсан

аралығында жұмыс жасалмағандығына сәйкес жаңадан келген балалар тек басшы бұйрығымен енгізілгендіктен, саны сәйкес келмейді. Қазіргі таңға дейін balabaqsha.snation.kz порталы балаларды толық енгізбеген.

Төртінші мәселе бойынша ортаңғы топтардың дидактикалық ойындарынды қолданудың тиімділігін тәрбиеші Жайлаубаева Шолпанай түсіндіріп өтті. Дамытушы орта балаларға қол жетімді барлық дағдыларды меңгертуге арналып, кітаптар, құрастыру ойыншықтары, сандар, түрлі қалам бояулар, альбомдар түрлі логикалық ойыншықтар, пазлдар, таратпа көрнекіліктер болу керектігін айтып өтті. Алтыншы мәселе бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында балабақшада ата-аналардан ақша жинамау, сыйлықтар алмау керектігін түсіндіріп ескертіп өтті. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің өте жақсы дәрежеде өткендігін, барлық топтардың костюмдерінің әдемі жақсы шыққандығын айтып өтті. Сегізінші мәселе бойынша көрнекіліктерді картондардан, геометриялық фигуралар, фетр матадан түрлі дамытушы ойыншықтар жасауға кеңес берді.

5 жастағы балалардың физикалық дағдыларын дамыту тақырыбындағы баяндамасын Найзабекова Гүлзат оқып шықты.

Мониторинг қорытындысынан кейін жеке даму карталарын әр балаға толтыру керектігін айтып түсіндірді.

Тәрбиешілер сұрақ қойды:

1. Егер бала 3 жасқа қаңтар айында толса, балабақшаға қабылдауға болады ма?

Жауап: баланың жас ерекшелігіне сәйкес тамыз айында қабылданады. балабақшаға 2019, 2020, 2021 ж туылған балаларды жыл бойында ауысып келіп жатса қабылдауға болады. Ал 2022 ж балалар келесі оқу жылында қабылданады.

2. Осал топ бойынша АЕСП алатын ата-аналар қаңтар айынан бастап алмайтын болса не істеуге болады?

Жауап: Ыстық тегін тамақ бойынша бізде 10 бала саны. Егер ата-ана атаулы әлеуметтік көмек алмайтын болса, мүгедектігі бар 1-2 топтағы адамдардың балаларына тегін ыстық тамақ беріледі.

3. Жеке даму картасын қағазға шығаруымыз керек пе?

Жауап: Балармен дамыту жұмыстарын жүргізетін сіздерсіздер, жыл бойына толтырып, мамыр айында қорытынды кезде шығарасыздар.

Шешімі:

- 1.Топтарда дамыту орта құру.
2. Бала санының толықтығын, құжаттарын толықтыру.
3. Жаңа 2024ж номенклатура құжаттарын бекіту.
4. Байқауларға қатысу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Альжанова

Хатшы:



У.Рысметова

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.

Хаттама №4

17.03.2025ж

Қатысушылар саны: 12 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Ұлттық біліктілік тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау.

2. Байқауға қатысуға ықпал жасау.

3. Мерекелерге сай топтарды безендіру, іс-шара жоспарларын бекіту.

4. Қалалық, Республикалық сайыстарға қатысу, ықпал жасау.

5. «Қош келдің Әз-Наурыз!» іс-шарасын бекіту, талқылау.

6. Номеклатураға сәйкес құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау.

7. Баланың құқығы қалай қорғалады?

8. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Альжанова Акмарал Хасеновна жылдық жоспарға сәйкес №4 әдістемелік кеңес отырысын бастады. Күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша ҰБТ баратын педагогтар анықталды, Найзабекова Г, Дүйсебаева Р и ҰБТ 2024 жылдың сәуір айының 16 күнінен басталады деп ескертті. Екінші мәселе бойынша портфолио рәсімдеу электронды түрде, диплом, жеке куәлік, 3 жылдық динамика, 5 бақылау парақтары, педагогтің жетістіктері, баланың жетістіктері, біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары және т.б. құжаттарды жүктеу керектігі айтылды. Үшінші мәселе бойынша жыл мезгіліне сай топтарды безендендіру, облыстық семинарға сәйкес топтарды безендіру, іс-шара жоспарын құру саз жетекшісі маманы Әбишоваға жүктелді. Қалалық, Республикалық сайыстарға қатысу тек №514 бұйрыққа сәйкес қатысу ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша «Қош келдің әз Наурыз!» іс-шарасы барлық топтарда аталып өткізілгендігі, ұлттық тағамдар, бауырсақ, наурыз көже барлығы таныстырылған.

Алтыншы мәселе бойынша номенклатура 2025 жаңартылған сәйкес құжаттарды дұрыс толтыру ұсынылды. Баланың құқығы қалай қорғалады? сұрақ-жауап педагогтар арасында жүргізілді.

Ағымдағы мәселелер бойынша облыстық семинар балабақшада 2025ж 30 сәуір күні болады, тіркеуге, көрме көрсетуге, іс-әрекет ересек Радуга тобында өткізілетіндігі тақырыбы Ұлттық құндылықтар дәріптеу мақсатында, «Менің Отаным» тақырыбында көрсетіледі. Дамытушы орта жасақтап, жаңа технологияларды қолдану керек екендігі айтылды. Ғарышкерлер күніне сайысқа қатысушылардың өтініштері мен құжаттары жіберілді. Бала тіркеу бойынша ата-аналарға түсіндірме жүргізу.

Циклограмма түзу кезінде толық үлгіге сәйкес толық жазып, мамандармен бірге қол қойып әкелу керектігі ескертілді. Смартнейшн Балабақша сайтына 2023ж қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларының журнал мен табелин белгілеп шығу тапсырылды, себебі 2024ж қаңтар айына дейін сайт жұмыс жасамауына байланысты. Күн тәртібіне сәйкес жұмыс жасау керектігін, іс-әрекеттерді кестеге сәйкес өтілуі керектігін есертті.

Шешімі:

- 1.Облыстық семинар іс-шарасын бекіту.
2. Балабақшаны безендендіру.
3. Бос орындарға бюллетень жариялау, ата –аналарға тіркелуе әдістемелік көмек беру.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  А.Альжанова

Хатшы:  У.Рысметова

«Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

ХАТТАМА № 1

**2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
жоспарын талқылау және бекіту туралы**

Күні: 01 қазан 2025 жыл

Қатысқандар:

Айдаршаева К.П. – меңгеруші

Альжанова А.А. – әдіскер

Әбдықалықова Т. – тәрбиеші

Дуйсебаева Р. – тәрбиеші

Найзабекова Г. – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
жоспарын талқылау және бекіту туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Альжанова А.А. 2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының негізгі бағыттарын таныстырды.
Бөбекжай қызметінде заңдылықты, ашықтықты, адалдықты және қызметтік әдеп
нормаларын сақтау қажеттігін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ:

Меңгеруші Айдаршаева К.П. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің маңызын атап өтті. Тәрбиеші Әбдықалықова
Т. ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуді ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
жоспары бекітілсін;

2. жоспардағы іс-шаралардың белгіленген мерзімде орындалуы қамтамасыз етілсін;

3. барлық қызметкерлер қызметтік әдеп, адалдық және ашықтық қағидаларын сақтасын.

Меңгеруші:

Айдаршаева К.П.

Хатшы:

Альжанова А.А.



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

менгерүшіс  Айдаршаева К.П.
«01» Казан 2025 жыл

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Бөбекжай-балабақша қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заңдылық пен ашықтық қағидаларын сақтау, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және ата-аналармен өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қызметкерлерге түсіндіру;
- қызметкерлердің құқықтық сауаттылығы мен жеке жауапкершілігін арттыру;
- қызметтік әдеп пен адалдық қағидаларын сақтау;
- ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету;
- ақша жинау, сыйлық қабылдау және мүдделер қақтығысы сияқты тәуекелдердің алдын алу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- бөбекжайдағы ішкі ұйымдастырушылық процестердің ашықтығын қамтамасыз ету;
- парасаттылық, адал еңбек, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын нығайту.

№	Іс-шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын талқылау және бекіту	01 қазан 2025	Айдаршаева К.П., Альжанова А.А.
2	Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен қызметтік әдеп нормаларын түсіндіру	Қазан 2025	Альжанова А.А.
3	«Адалдық пен әділдік – басты қағида» тақырыбында түсіндіру әңгімесін өткізу	Қазан 2025	Альжанова А.А.
4	Ата-аналарға сыйлық беру, ақша жинау және өзге де заңға қайшы әрекеттердің алдын алу туралы ақпарат беру	Қазан 2025	Тәрбиешілер
5	«Парасаттылық және адал еңбек» тақырыбында ақпараттық бұрышты жаңарту	Қазан 2025	Әбдықалықова Т.
6	Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабардарлығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу	Қараша 2025	Альжанова А.А.
7	Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін және ішкі тәртіп талаптарын сақтауына	Қараша 2025	Айдаршаева К.П.

	бақылау жүргізу		
8	«Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Желтоқсан 2025	Альжанова А.А.
9	Ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Желтоқсан 2025	Дуйсебаева Р.
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың орындалуына ішкі бақылау жүргізу	Қаңтар 2026	Айдаршаева К.П.
11	«Қызметтік әдеп және жауапкершілік» тақырыбында кеңес өткізу	Қаңтар 2026	Альжанова А.А.
12	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу	Ақпан 2026	Айдаршаева К.П.
13	«Адал еңбек – абыройлы еңбек» тақырыбында ұжымдық түсіндіру жұмысы	Ақпан 2026	Найзабекова Г.
14	Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру	Наурыз 2026	Альжанова А.А.
15	Ата-аналармен өзара қарым-қатынаста ашықтық пен адалдық қағидаларын сақтау мәселесін талқылау	Наурыз 2026	Тәрбиешілер
16	«Жемқорлыққа қарсы	Сәуір 2026	Әбдықалықова Т.

	мәдениет» тақырыбында ақпараттық материалдар орналастыру		
17	Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама жүргізу және нәтижесін талдау	Сәуір 2026	Альжанова А.А.
18	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуын қорытындылау	Мамыр 2026	Айдаршаева К.П.
19	2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы қорытынды есеп дайындау	Мамыр 2026	Альжанова А.А.
20	Келесі оқу жылына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу	Мамыр 2026	Айдаршаева К.П., Альжанова А.А.

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы

БҰЙРЫҚ № 16 н/қ

Кентау қаласы

«26» тамыз 2026ж

«Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссиясын құру туралы»

Облыстық білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес аттестаттаудан өту үшін және 2026 жылғы 26 тамыздағы №1 кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақшаның өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін:
 1. Айдаршаева.К – балабақша меңгерушісі комиссия төрайымы
 2. Альжанова.А – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
 3. Әбдіхалықова.Т – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
 4. Аскар.Ж- балабақша есепшісі , комиссия мүшесі
 5. Рысбаева.Н-шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі
 6. Рысметова.У- балабақша тәрбиешісі хатшы.
2. Балабақша қызметіне сараптама жүргізу мерзімі 2026 жылдың 26 тамыз күнінен 2026жылдың 26 қыркүйек күніне дейінгі кезеңге белгіленсін.
3. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік аттестаттау қағидаларына» (бұдан әрі – Қағидалар) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2025 жылғы 7 қарашадағы №1632 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2026 жылғы 18 мамырдағы №321 н/қ бұйрығымен бекітілген 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес талдау жасалынып жүргізілсін.
4. Бағалау өлшемшарттарына өзін-өзі бағалауды жүргізу бойынша нақты тапсырмалар комиссия мүшелері арасында бөлінсін.
5. Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылсын.

6. Балабақшаның өзін-өзі бағалау материалдары жинақталып, облыстық білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**«Оңалайық, балақай!» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:**



Айдаршаева.К

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңесінің

ХАТТАМАСЫ №1

Қатысқандар:

Балабақшаның педагогикалық ұжымы,

10 адам (тізім бойынша)

26.08.2026ж

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (*бұдан әрі – Заң*), «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік аттестаттау қағидаларына» (*бұдан әрі – Қағидалар*) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2025 жылғы 7 қарашадағы №1632 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2026 жылғы 18 мамырдағы №321 н/қ бұйрығымен бекітілген 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес **ЖШС**
«Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасының мемлекеттік аттестаттаудан өтуі туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Айдаршаева Камшат Полатовна Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2026 жылдың қазан айында балабақша мемлекеттік аттестаттаудан өтуі тиіс екенін және бұл аттестаттаудың мақсаты мен міндеттерін, ережелерін ұжымға таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының сәйкестігін жүзеге асыратынын білім беру ұйымдарында 5 жыл сайын өткізілетінін және осыған байланысты өкілетті ведомствосына өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынатынын айтты. Өзін-өзі бағалау дегеніміз: талдауды, ішкі бақылауды, білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы, кадрлық құрамға талдау, тәрбиеленушілердің контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу материалдық активтер, ақпараттық ресурстар мен кітапханалық қор, тәрбиеленушілердің білімін бағалау, білім процесіне қатысушылардың және басқа репонденттердің сауалнамасы сонымен қатар білім беру қызметін жақсартудың механизмін қамтиды. Осыған орай, балабақшаның өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиясын түзу керектігін ескертті. Өзін-өзі бағалауда «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығына сүйене отырып жүргіземіз. Өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссия мүшелерін сайлап олардың бағалау жөніндегі сараптама комиссия мүшелерін сайлап олардың бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау жүргізуіне, сандық-сапалық көрсеткіштеріне бағалауды, егжей-тегжейлі талдауды жүргізу керектігін ескертті.

Келесі сөз кезегін әдіскер Альжанова Ақмарал сөз алып өзін-өзі бағалау материалдарын ұсыну үшін «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық» бойынша және «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығымен бекітілген бұйрығына сәйкес өзін-өзі бағалауды дайындай отырып, зерделеудің бағыттары бойынша сараптамалық комиссия мүшелері өзара нақты тапсырмалармен жұмыс жүргізуге тиіс екендігін айтты. Балабақша ұжымы комиссия құрамына төмендегі қызметкерлерді ұсынды: Айдаршаева К.П – балабақша меңгерушісі комиссия төрайымы. Альжанова.А – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі. Әбдіхалықова.Т. – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі. Аскар.Ж.- балабақша есепшісі, комиссия мүшесі. Рысбаева.Н- балабақша шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі. Рысметова.У-хатшы. Педагогикалық кеңес күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылай келе

ШЕШІМ ЕТТІ:

Балабақшаның өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссияны төмендегі құрамда бекітілсін.

1. Айдаршаева.К – балабақша меңгерушісі комиссия төрайымы
2. Альжанова.А – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
3. Әбдіхалықова.Т – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Аскар.Ж- балабақша есепшісі , комиссия мүшесі
5. Рысбаева.Н-шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі
6. Рысметова.У- балабақша тәрбиешісі хатшы.

Комиссия мүшелеріне нақты мынадай тапсырмалар жүктелсін

1. Өзін-өзі бағалау жүргізуде оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі-ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;
2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі-МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыруын;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген . Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Ұлгілік қағидалар) сақталуын;
4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
 1. МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, құжаттардың

- уақтылы педагогтардың тапсыруын қадағалансын. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақталуын;
2. Тәрбиеленушіні 1- сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақталуын.
3. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдауын;
4. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдауын;
5. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттардың сәйкестігін анықтау қадағалансын.
6. Сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылсын.
7. Өзін-өзі бағалау қорытындысы Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне уақтылы ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



Айдаршаева.К

Хатшы

Рысметова.У



Түркістан облысының білім
саласында сапаны
қамтамсыз ету департаментінің басшысына

СҰРАНЫС ХАТ

Түркістан облысы, Кентау қаласының ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай балабақшасы Қазақстан Республикалық «Білім туралы» №319 Заңның 59 бабы 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамсыз ету департаментінің «2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жолдай отырып, ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай балабақшасы, БСН 190340009417 білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруді сұрайды.

Қосымша парақта: Бұйрық, хаттама, өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылауы қоса тіркелді.

Сайт: <https://ongalayıq-balaqai.edu.kz/>

Балабақша менгерушісі:



С.П.Айдаршаева